Жұмыс ұсыну, жұмыспен қамту мақсатында Солтүстік өңірден келген қонақтар бағдарламаның мән-мақсатын таныстырып, өз облыстарының жай-күйін айта өтті. Солтүстік өңірлерге халықты тарту мақсатында мемлекет тарапынан жұмыспен әрі тұрғын үймен қамтамасыз ету жолдары тұрғындарға түсіндірілді. Абай облысы бойынша мемлекеттен тыс берілетін қолдаулар

шаралары қарастырылған. Жұмыс берушілер тарапынан жеке тұрғын үй беру, көп балалы отбасы көшіп келген жағдайда 5 бас ірі қара мал, 10 бас ұсақ мал қосып беру мүмкіндіктері бар. Бұл мүмкіндіктер Абай облысының 6 ауданының ауылдық округінде қарастырылған.

- Бүгінгі атқарылып жатқан форум арқылы жұмыс тапшылық өңірлерді аралап Жаңаөзен қаласының тұрғындарын да жұмыспен қамтамасыз етуге келіп отырмыз. Қазіргі таңда білім, медицина және ауыл шаруашылығы салаларын мамандандыру қажет. Әрі кәсіпкерлікті дамытамын деп ниет білдірушілер болатын болса, осы бағдарламаға қатысуға шақырамын. Мемлекеттің тарапынан әлеуметтік көмектер қарастырылған. Қоныс аударған әрбір азаматты тұрғылықты жұмысқа орналастыру мансап орталықтарының міндеті. Тұрғындар барлық ақпаратты Жаңаөзен қаласының мансап орталығынан ала алады. Статистика бойынша 2017 жылдан бері 59 мың адам осы бағдарламаға қатысқан. Оның ішінде Маңғыстау облысынан 1 мыңға жуық адам келіп, тұрақталып қалған, - дейді Көші-қон комитетінің ішкі көші-қон саясаты және еңбек мобильдігінің басқарма басшысы Эльмира Тилабайқызы.

Гүлмира АЙЫТҚАЛИЕВА.

Экологиялық мәселелер талқыланды

Оқушылар шығармашылық үйінде қала әкімінің міндетін атқарушы Жаңабай Аймағанбетовтың төрағалығымен, сондай-ақ Маңғыстау облысы бойынша Экология департаментінің басшысы Армат Жүсіпқалиевтің қатысуымен қаладағы экологиялық ахуалды жақсарту және шешу жолдарын талқылауға арналған кеңейтілген жиналыс өтті.



Гүлсім ОСПАН

Жиын барысында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында атқарылған жұмыстар жөнінде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Сәми Әділет баяндама жасады.

Қалада экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында биылғы жылдың сенбілігі 29 наурыз бен 29 мамыр аралығында өтті.

Сенбілік аясында қала және ауыл аумағындағы көшелер, ауалар, саябақтар Кендірлі жағажайы мен қоғамдық орындар тазартылды. Көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, көшеттер отырғызылды. 300 тонна қоқыс тазартылып, 23 техника жұмылдырылды. Сенбілік барысында көп жылдық гүл 2415, бір жылдық гүл 30000, ағаш 2133, бұталар 1195 түп отырғызылды. Жалпы

жыл соңына дейін 4200 ағаш егу жоспарланған. «Таза Жаңаөзен» МКК алдағы уақытта қаланың және оған іргелес ауылдардың қатты тұрмыстық қалдықтарын тасымалдау, сондай-ақ көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарын жүргізу бағытында жұмыс атқаратын болады. Қазіргі уақытта кәсіпорынның балансына 5 бірлік тұрмыстық қалдық тасымалдаушы көлік сатып алынды. Қосымша 3 техникаға тапсырыс берілді. Жоспар бойынша бұл техникалардың санын 20-ға жеткізу көзделіп отыр.

Жиын барысында қала тұрғындары мен қоғам белсенділерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, Жаңаөзендегі өзекті экологиялық мәселелер егжей-тегжейлі талқыланды. Жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар беріліп, алдағы уақытта атқарылатын шаралардың бағыт-бағдары айқындалды.

Асхат Аймағамбетовтің мұнайлы өңірге жұмыс сапары

Басы 1-бетте.

Кездесу басында мәжіліспен өзінің «Amanat» партиясының сапында атқарып жатқан жұмыстары жайында сөз етті. Ол жерде лудоманиямен күрес, онкологиялық ауруларды ерте анықтау бойынша қабылданған шаралар, археологиялық қазба, материалдық емес мәдени мұраны қорғау, кітапханашылардың айлығын көтеру, балаларды мәдениетке баулу секілді тақырыптарды қозғады.

Кейін мәдениет қызмет-



алу мүмкіндігінің жоқтығы айтылды. «Мұнайшы» мәдениет үйінің басшысы Өркен Түйебай өнер мамандарының тапшылығын айтып қын-жылды.

келер ме еді деп ойлаймыз, - деді.

Депутат қойылған сұрақтар мен ұсыныстар бойынша өз күзиретінде жауап берді. Бір сағаттық кездесу барысында бірнеше сауал беріліп, соңында сала ардагерлері дәстүр бойынша депутатқа жылы лебіз білдіріп, рахмет айтты.

Кездесуден соң Асхат Қанатұлы қалада салынып жатқан «Bolashak Sagau» білім беру кешенінің құрылысымен танысты. «Bolashak Sagau» жаңаөзендік жасөспірімдердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін орталық болмақ. Аумағы 3000 шаршы метр болатын кешен балаларға білім алу және шығармашылықпен айналысу үшін замануи мүмкіндіктер ұсынбақ. 350 балаға арналған сарайда робот техникасы, бағдарлама жасақтау, 2D/3D моделдеу, шет тілдері, киім дизайну, колөнер, вокал және халық аспаптарына арналған сыныптар жабдықталады. Сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері, қолданбалы және жаратылыстану ғылымдарына баулитын зертханалар, бейнелеу өнері, актерлік шеберлік, журналистика, хореография және өзге де сабақтарға арналған телестудия ашылмақ.

Оқушылар сарайын салу жобасы Маңғыстау облысының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары шеңберінде іске асырылуда. Құрылысты тікелей «Ak Su KMG» ЖШС жүргізіп жатыр. Құрылыс қарқынды, мердігердің айтуынша ағымдағы жылдың желтоқсан айында толығымен аяқталып, сарай қолданысқа берілуі тиіс.



керлері депутатқа өз саласы бойынша бірқатар сауал жолдады. Оның ішінде өнер саласында жүрген жұмысшыларға әлеуметтік

- Шынын айту керек, бізге жұмысқа асып кетсе облыстық өнер колледжін бітірген домбырашы, дәстүрлі әнші секілді тұлғалар ғана



пакет қарастыру, оларға емдеу-сауықтыру орындарына, балаларына маусымдық лагерлерге демалысқа жолдама беру мәселесі қозғалды. Сондай-ақ, жалақының аздығы, мерекелік сыйақылардың тұрақты берілмеуі, тиімді бағдарламамен тұрғын үй

келеді. Ал бізге мәдениетімізді дамыту үшін түрлі өнерпаздар керек. Мысалы республикалық өнер ордalarını бітірген пианист, виолончелист, скрипкашы, актер, режиссер сияқты мамандарға үй беріп, жалақы жағдайын жасасақ жұмысқа

Тұрғындарды қабылдады

Қала тұрғындарын жеке қабылдау «Amanat» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалында өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағамбетов, «Amanat» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалының хатшысы Тимур Мусаев, қалалық мәслихаты төрағасы Ғалым Байжанов қатысты.

Қала тұрғындары тұрғын үй, жұмыссыздық, айлықтың аздығы, ерекше балаларға 100% жеңілдікпен шипажай бөлінуі, мәдениет үйінің сахналық жабдықтары жөніндегі сұрақтарды көтерді. Жұмыссыздық мәселесін көтерген тұрғындардың бірі - Нұрлан Абиев. Өтініш иесі мұнай саласына қарасты мекемелерден тұрақты жұмыс сұрайды. «Аутстаффинг» мекемелеріне жұмысқа қабылдау бойынша кезегі жылжымайтындығын айтып, заң шеңберінде тексеріс жұмыстарын жүргізуді өтінді. Оған қабылданған шара 2020 жылы бірыңғай орталыктандырылған жүйенің «Атаанасы мүгедек немесе мүгедек балалы отбасы» санатымен №247 кезегінде тіркелген. Қазіргі таңда №60 кезекте тұрғанын және кезегі келгенде жұмысқа жолданатынын қаперіне берді.

- 1998 жылы Түркменстан елінде КНКСЖ карьерінде жұмыс жасап жүргенімде өндірістік жаракат алып, бір қолымнан айырылып қалдым. Қазіргі таңда II топ мүгедектігіндемін. Н-1 №2 формасы дайындалып, мекеме 100% кінәлі танылып, жәрдемақы тағайындалып, төленіп келді. 2002 жылы ҚР Маңғыстау өңіріне қоныс аударып, 2018 жыл сәуір айына дейін Түркменстан елінен



өндірістік жәрдемақы төленіп тұрды. Алайда, белгісіз себептермен менің шотыма 2018 жылдың наурызынан бастап осы күнге дейінгі кезеңдегі жәрдемақылар түспеді. Қазіргі таңда жәрдемақы Түркменстан елінің Сыртқы экономикалық қызмет банкіне түсіп тұр деп хабарлады. Осыған орай, жәрдемақының қайтадан төленуіне ықпал етсеңіздер, - дейді Құрбанберді Абдиров.

Асхат Аймағамбетов барлық мән-жайды түсіністікпен қарап, Түркменстан елшілігімен және сыртқы істер министрлігімен келісу қажеттігін атап өтті.

Қала тұрғындарын толық қабылдаудан өткізіп, мәселелеріне 30 күн ішінде жауап қайтарылатынын айтты.

Гүлмира АЙЫТҚАЛИЕВА.

Жастармен қарқынды жұмыс жүргізуде

Жастар орталығы жастармен жүйелі және қарқынды түрде жұмыс жүргізуде. Орталық жастардың белсенділігін арттырып, олардың тұлғалық, шығармашылық, кәсіби дамуы мақсатында түрлі бағыттағы іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. Қазіргі таңда қандай жобалар ұйымдастырылуда, еріктілердің жұмысы қалай, жастар күніне орай қандай шара өткізілетіндігін білу мақсатында Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы басшысының м.а Аслан Жанкелдиевпен сұхбаттасқан болатынбыз.

- Жастар орталығының негізгі мақсаттары мен міндеттері қандай?

- Жастар орталығының мақсаты - жастардың жан-жақты дамуына үлес қосу, олардың белсенділігін арттыру, әлеуетін дамыту. Орталық жастардың әртүрлі бағытта білім алуына, шығармашылықпен айналысуына, еңбекке араласуына, спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді. Міндеттеріне тоқталып өтсем, орталықтың бір емес, бірнеше міндеті бар. Олар жастарды қолдауға бағытталған жобаларды ұйымдастыру, жастардың білімін, қабілетін, көшбасшылық қасиеттерін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және тағы басқа.

- Тұрақты түрде өткізетін жобаларыңыз туралы айтып өтсеңіз?

- Бізде тұрақты түрде қаражатсыз өткізілетін бірқатар іс-шаралар бар. Аптасына өтетін шараларымыз: Kitar day, psychology training, кино кеші, Speaking club, Қайырымдылық акциясы, Арбат кеші. Қаламызда кітап сататын кәсіпкерлер бар. Дегенмен де оны көбі біле бермейді. Кітапсүйер қауым көбінесе кітаптарды онлайн оқиды болмаса, кітап сататын сайттар мен ұялы қосымшалар арқылы тапсырыс беріп, сатып алып жатады. «Арбат» алаңында өтетін Kitar day шарасы жаңаөзендік кітап сатумен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Жаңаөзендік ағылшын тіліне

қызығушылығы бар жастарға арналған жобамыз - Speaking club. Бұл жобаның мақсаты - ағылшынша сөйлейтін жастардың ортасын қалыптастыру, сондай-ақ ағылшын тілін одан әрі дамыту. TilBil ағылшын тілін оқыту орталығының негізін қалаушы Жандәулет Зиядин жобамыздың спикері. Аптасына бір рет өтетін. Қазіргі таңда спикердің графигінің тығыздығына байланысты айына 2 рет өтетін болды. Psychology training шарасын Жастар орталығының маманы Е.Қалиев өткізеді. Ол кісі нашакорлыққа қарсы, темекінің зияны және тағы басқа бағыттарда жастарға ақыл-кеңесін айтып, түсіндіреді. Сондай-ақ мамандық таңдау бойынша да тренингтер өтеді. Мемлекеттік қаражаттан жыл сайын өтетін шараларға тоқталып өтейін. Жастар күніне арналған Zhastar Fest атты гала концерт, Жылдың үздік жас мамандарын анықтайтын Жыл Үздігі, Жасыл Ел, Жасыл ел жобасы аясында Jasyl EL CUP, Мың жылдық Маңғыстау - маңғаз Маңғыстаудың көрікті жерлеріне арналған тур.

- Қазіргі таңда қандай жаңа жобалар жүзеге асырылуда?

- Қазіргі таңда медиа жоба қолға алып жатырмыз. Оның бірі жастар арасында өзекті мәселелер талқыланатын подкаст түсіру. Сондай ақ youtube платформасы арқылы жүзеге асатын жобаларымыз бар. Ол туралы алдағы уақытта білетін болсыздар. Қазіргі таңда кино саласы қарқынды дамуда. Біздің тағы бір үлкен



жобаларымыздың бірі - кино саласы. Қазіргі уақытта түсірілім тобы дайындық үстінде. Жуырда



тың жобалар болмақ. Күтіңіздер! Жаңаөзеннен жақсы дүниелер шығаратын боламыз.

- Коворкингтің жұмысына тоқталып өтсеңіз?

- Коворкинг үздіксіз жұмыс жасап жатыр. Ашылған уақыттан бері келушілер көп, тренинг, кездесулер өтуде. Коворкинг орталығында жастарға толық жағдай жасалған. Орталықта үлкен және кіші мәжіліс

залы бар. Кіші мәжіліс залында 12 адамға арналған жиналыстар, кішігірім тренингтер өткізіледі. Үлкен мәжіліс залы лэд экран мен аппаратуралармен қамтылған. Сондай-ақ жастардың кітап оқуына арналған зоналар бар. Кітап аз. Күнделікті толтырып тұруға тырысамыз. Біз қалалық кітапханамен меморандумаға отырған болатынбыз. Ай сайын 20 кітапты ауыстырып алып отырмыз. Коворкингке келіп кітап оқытын жастар өзге де кітаптарды сұрап жатады. Сол кезде авторы мен кітаптың атын жазып алып қалып, кітапханадан сұратамыз. «Жаңа ой» оқырман ортасының Ауылға кітап атты жобасы бар. Осы жоба негізінде Куиз ойындары ойнатылуда. Түскен қаражатқа Коворкинг орталығына

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНДА

подкаст түсіретіндер бар. Жалпы, Коворкинг орталығының жұмысы тоқтаусыз жүріп жатыр.

- Бүгінде Жастар орталығында қанша ерікті бар? Олардың атқарып жатқан жұмысына тоқталып өтсеңіз?

- Қазіргі таңда Жастар орталығы жанынан құралған ерікті топта 30-ға жуық ерікті бар. Олардың 80% мектеп оқушылары. Еріктілердің қазіргі функциясы, жаңадан еріктілер шақыру. Еріктілердің санын көбейту мақсатында жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ еріктілер Жастар орталығының әр шарасында белсенділік танытып, бір мамандай қызметтерін көрсетіп жүр десе артық айтқаным болмас.

- Жастар күнін қалай атап өту жоспарлануда? Әдеттегідей Гала концерт ұйымдастырасыз ба?

- Ия, Жастар орталығы жастар күніне орай кең ауқымды іс-шаралар ұйымдастырады. Осы жылы да әдеттегідей гала концерт өткіземіз. Осы жылы гала

концертпен тоқталып қалмай, жастарға арналған 7-8 шара ұйымдастырмақпыз. Жоспардағы жобаларды көңілді, ең бастысы жоғарғы деңгейде өткіземіз деп ойлаймын.

- Сұхбаттасқаныңызға рақмет! Жастарға арналған жобаларыңызға сәттілік.

Сұхбаттасқан
Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ.

Тазалықтың сақшылары

ЖАСЫЛ ЕЛ

«Жасыл ел» еңбек жасағы өз жұмысын бастады. Бүгінде «Жасыл ел» жасақтары қала және оған қарасты елді мекендердің көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарымен белсенді түрде айналысып жатыр.

Жаңаөзен қаласында биылғы жылы «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 700 жас жұмыспен қамтылмақ. Бірінші кезеңдегі 350 жасты қала және ауылдарға байланысты бөлген. Айта кетсек, қалада - 90, Рахат ауылында - 80, Кендірлі, Тенге және Қызылсай ауылдарында 60 бала жұмыс жасауда.

мен мердігер мекемеге тізімді береміз, олар жауапты мамандарын бөледі. Әр жауапты маманға жұмыс күшіне байланысты 5-10 баладан бөліп береді, - дейді Жастар ресурстық орталығы басшысының м.а Аслан Жанкелдиев.

Сондай-ақ Жастар орталығы жасыл елдіктерге арнап жұмыстан тыс уақытта



- Біздер Жасыл елге тіркеген кезде ауыл әкімдіктерімен және қаладағы көгалдандыруға жауап беретін мердігер мекеме «Asu Oil Trade» ЖШС меморандумға отырамыз. 350 баланы тіркеп, ауыл мен қалаға бөлгеннен кейін, ауыл әкімдіктері

тренингтер мен әртүрлі спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастыруда. Мәселен, «Жасыл ел» жасақтарының көп бөлігі мектеп оқушылары болғандықтан, мамандық таңдау бойынша тренингтер өтуде.

- Жасыл елдіктер түстен кейін көптеген



тренингтерге қатысады. Сондай-ақ «Жасыл ел» жасақтары арасында футболдан қалалық турнир өтті. Футболдың нәтижесінде Кендірліліктер III орын иегері атанды, Рахат ауылының жасақтары II орын иеленсе, Қызылсай ауылы I орынды қанжығасына байлады. Жоспар бойынша шілде айының ортасына футболдан «Жасыл ел сир» деген облыстық турнир ұйымдастырмақпыз. Маңғыстау облысында 7 Жастар орталығы бар, бәрінде «Жасыл ел» бар. Бұйырса облысымыздың түпкіртүпкіріндегі «Жасы ел» жасақтары футболдан жақсы ойын үлгісін көрсетеді деп үміттенеміз. Қызылсай ауылының жасақтары облыстық турнирге жолдама алды. Екінші кезеңдегі 350 баламыз өз жұмысын бастаса, солардың арасынан да кім мықтыны анықтап, облысқа жолдама береміз, - дейді Аслан Жакелдиев.

«Жасы ел» жасақтары жасыл-желектерді

күтіп баптау, арамшөптерді жұлу, абаттандыру, коқыстарды жинау сынды жұмыстарды атқаруда. Олар жазғы демалысын тиімді әрі пайдалы өткізіп қана қоймай, қала мен ауылдардың тазалығына өз үлестерін қосуда.

- «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жұмыс жасаудағы мақсатым - қаламызды таза ұстау, табиғатты аялау. Әртүрлі жұмыстарды атқарудамыз. Мәселен, ағаштарға су құйып, олардың астында өсіп кеткен арамшөптерді жұлып, қоқыстарды тазалау. Түстен кейін біздерге арнайы тренингтерге ұйымдастырылып тұрады. «Жасыл ел» бізді еңбекке баулып, табиғатқа жанашырлықпен қарап, оны қорғаудың маңызды екендігін түсіндіреді. Жаңа достар тауып, қаламның гүлденуіне үлес қосып жатқанымыз қуантады, - дейді жасыл елдік Қайыржан Дарыбай.

Айлин АСҚАР.

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ

ӘЛИЯ ӘШІМ жаңаөзендіктермен КЕЗДЕСТІ

28 маусым - Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай жастар коворкинг шеберлік сағаты ұйымдас-
тырылды.



Шара барысында қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағанбетов сөз алып, қаланың ақпараттық кеңістігінде белсенді қызмет атқарып жүрген журналистер мен өндірістік кәсіпорындардың баспасөз хатшыларын кәсіби мерекемен құттықтап, оларға облыс және қала әкімінің Алғыс хаттары мен естелік сыйлық табыстады. Аталған іс-шара бұқаралық ақпарат құралдары саласында еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегін бағалап, кәсіби шеберлікті арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі Сондай-ақ бірқатар жаңаөзендік тілшілерге Әлия

Әшім ҚР Журналистер Одағының мүшесі куәлігін тапсырды.

Осы күні түстен кейін Әлия Әшім «Білім - мамандықтың іргетасы: жастарға кәсіби бағдар» тақырыбында TEDx форматындағы мотивациялық кездесу өткізді. Кездесуге қаланың жастары, студенттері мен ата-аналары қатысты. Мотивациялық кеште спикер мамандық таңдау, жоғары оқу орындарына түсу, шетелде білім алу мүмкіндіктерді айтып өтті. Әлия Әшім жастармен бірге интеллектуалдық ойын ойнап, қойылған сауалдарға жауап берді.

Дарина АҚБЕРЕН.

Маңғыстаудың рухын МҮСІНМЕН ӨРГЕН

Жаңаөзенде туып-өскен жас мүсінші Жүсіп Жеттенбай ұлттық мүсін өнерінің көкжиегін кеңейтуге талпынып келеді. Бүгінде ол Алматыдағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжінің соңғы курсында білім алып жатыр. Шығармашылыққа жастайынан құмартқан ол - ел назарын аударған дарынды жас. Ол өнер ордасына республикалық деңгейдегі байқауда дара шығып, мемлекеттік грант жеңіп алған жалғыз маңғыстаулық студент.



Колледж қабырғасында ол тек техникалық дағдылармен шектеліп қалмай, мүсін өнерінің тарихи, философиялық мазмұнына ден қоя бастайды. Ұстазы, елімізге танымал мүсінші Санат Байсынов жас шеберге пішін мен көлемнен бөлек, әрбір жұмыстың артында тұтас ой, идея тұруы керек екенін үйреткен.

- Мүсін - жай қолөнер емес. Ол адамның ішкі жан-дүниесін, мәдени жадын, тарихи болмысын көрерменге жеткізудің ерекше тәсілі. Бұл - үнсіз сөйлейтін өнер. Мен мүсін арқылы өзімнің ғана емес, туған өлкем - Маңғыстаудың рухын жеткізгім келеді, - дейді жас мүсінші.



Жүсіптің академияға грант жеңіп алуына себеп болған - оның «Маң дала, маңғаз мекен - Маңғыстау» атты туындысы. Бұл мүсінде ол туған жерінің кеңдігі мен киелі болмысын түйе образы арқылы беруге тырысқан. Шығарма байқауда жоғары бағаланып, жас авторға Жүргенов академиясына грант сыйлады.

otpannews.kz.

Жүсіптің өнерге деген ықыласын алғаш байқап, қолдаған - туған анасы. Ол ұлын Жаңаөзендегі оқушылар шығармашылық үйіне алып барып, алғашында сурет үйірмесіне, кейіннен мүсін өнеріне бағыттаған. Осы сәттен бастап, пластилин мен ағаштан бастап тас пен гипске дейінгі түрлі материал Жүсіптің қолында өнерге айнала бастады. Ол ұстазы Токтағұл Бахитовтың жетекшілігімен алғашқы шағын мүсіндерін жасап, композициялық ойлау қабілетін дамытты.

- Бастапқыда мүсін жасауды тек хобби ретінде қабылдадым. Кейін бұл өнердің жеке мамандық ретінде оқытылатынын білгенімде, өзімді толықтай соған



арнауға бел будым. Анам мен әпкем «Жарқын болашақ» бағдарламасы жайлы айтып, бірге құжат тапсырдық. Бағдарламаның арқасында Жүргенов колледжіне түсіп, өзіме жаңа әлем аштым, - дейді Жүсіп.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

2025 жылға арналған камералдық бақылау нәтижесі бойынша қорытынды

2025 жылғы 1 қаңтардан 13 маусымға дейінгі кезеңде камералдық бақылау бойынша 10 172 мемлекеттік сатып алу рәсімі қамтылды, жалпы сомасы 362,6 млрд. камералдық бақылау нәтижелері бойынша 859 хабарламалар жіберілді, оның ішінде:

- бірінші бағыт бойынша - конкурстық құжаттаманың заңдылығы бойынша - 114 хабарлама;
- екінші бағыт бойынша - конкурстық құжаттаманы талқылау тәртібінің заңдылығы бойынша - 15 хабарлама;
- бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы бойынша жүргізілген

камералдық бақылау нәтижелері бойынша - бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды таңдаудың заңдылығы туралы - 432 хабарлама;

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша - 370 хабарламалар жолданды.
- 859 хабарламаның 832 хабарламасы камералық бақылау объектілерімен орындалды.
- 27 хабарлама бойынша орындау мерзімі өткен жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізудегі анықталған бұзушылықтар

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бірінші бағыт бойынша (конкурстық құжаттаманың заңдылығы үшін) ашық конкурс тәсілімен жарияланған №14438818-1 санды «Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ үшін «KR - 10 «Форт - Шевченко - Таушық - Шетпе» облыстық маңызы бар автомобиль жолы 85-90 шақырымына орташа жөндеу» нысаны бойынша техникалық қадағалау қызметі» мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жүргізілді. Ұйымдастырушы

«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі сомасы 10 625 986 тенге.

Жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша №18 тәуекел профіліне жататын бұзушылық анықталды, яғни ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу да дұрыс емес демпингтік көрсеткішті белгілегені анықталды.

Осыған байланысты, 2025 жылдың 8 сәуірінде сатып алудан бас тарту туралы өтінішпен бұзушылықты жою туралы хабарлама жіберілді. Бұзушылықты ұйымдастырушы 2025 жылдың 9 сәуірінде жойды.

Маңғыстау облысындағы қаржылық бақылау саласындағы әкімшілік практика бойынша Департаментпен 2025 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстар туралы

Департаментпен 2025 жылдың 6 айлығындағы есепті кезең бойынша қаржылық есептілік саласында 24 лауазымды тұлғаға яғни мемлекеттік органдардың бас есепшілеріне мекемелердің бухгалтерлік есептілігінде қылмыстың

құрамы жоқ, қаржылық бұрмалаушылық жасағаны үшін 4 694 400 теңгеге (төрт миллион алты жүз тоқсан төрт мың төрт жүз) айыппұл салынып, салынған айыппұл толықтай бюджет пайдасына өтелді.

«EgovKzBot2.0» бот-платформасы азаматтардың құқығын қалпына келтіру бойынша азаматтарға жедел алғашқы көмек

Қазіргі таңда, қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу кезінде туындаған мәселелер бойынша уәкілетті органмен байланысын жеңілдету үшін «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы жүгініп, тез арада мәселелерін шешіп, құқықтарын қалпына келтіруде. Облыс тұрғындары, аталған бот арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдануға, сондай-ақ, азаматтардың бюрократияны төмендету және мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңайлату жөнінде ұсыныстар жолдауына болады.

Жыл басынан бері тұрғындардан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша 32 шағым келіп түсті. Туындаған мәселелер бойынша, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің жауапты қызметкерлері жедел жұмыстанып, жауап беріп келеді.

Сонымен қатар, біршама өтініш иелері мәселелерінің оң шешімін тауып, Департамент қызметкерлеріне алғысын білдіруде. Солардың бірі, азамат К. жеке кабинетіндегі жеке деректердің қамалтылмағандығы және мәліметтердің толық еместігі бойынша өтінішін бот арқылы жолдаған болатын. Аталған өтініш негізінде Департамент қызметкерлерінің араласуымен азамат К-нің

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

«Өзенинвест» мекемесінде сатып алуды жүргізудегі бұзушылықтар

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Ұйымдастырушысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «ӨЗЕНИНВЕСТ» ШЖК МКК болып табылатын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен №14524963-1 «трактор тіркемесін сатып алу»сомасы 18 000 000 теңге мемлекеттік сатып алуына камералдық бақылау жүргізді. (құжаттаманы орналастыру тәртібінің заңдылығы тұрғысынан) Жүргізілген камералдық бақылау

нәтижелері бойынша № 13, 21 тәуекел бейініне жататын бұзушылықтар анықталды, яғни ұйымдастырушы жеке әлеуетті өнім берушіні анықтайтын сипаттамаларды көрсетіп белгілегені және талап етілетін ұлттық немесе мемлекетаралық стандартты көрсетпегені анықталды.

Осыған орай, 2025 жылы 16 маусымда мемлекеттік сатып алуды тоқтату туралы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді. Бұзушылықты ұйымдастырушы 2025 жылдың 17 маусымында жойды.

Маңғыстау облысындағы Мемлекеттік сатып алу саласындағы әкімшілік практика бойынша Департаментпен 2025 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстар туралы

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысында мемлекеттік сатып алу саласында саласында уәкілетті орган болып табылады.

Департаментпен 2025 жылдың 6 айлығындағы есепті кезең бойынша мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар бойынша, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің

207-бабымен 124 лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қозғалып, оларға осы Кодекстің 207-бабы бойынша 17 040 880 (он жеті миллион қырық мың сегіз жүз сексен) теңге айыппұл салынды.

Өз кезегінде әкімшілік құқықбұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалар 12 823 810 (он екі миллион сегіз жүз жиырма үш мың сегіз жүз он теңге) өз еркімен бюджет пайдасына өндірілді.

ЖАҢА КІТАП

Телеарна тарихы

Бүгінде заманның, уақыттың өзгеруіне орай әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары да көбеюде.

Күнделікті өмірде болып жатқан алуан түрлі жаңалықтарды, хабарландыруларды халыққа жеткізіп отыруда олардың алатын орны ерекше.

Бұл орайда біздің Жаңаөзен қаласында да тәуелсіздік алғаннан кейін қалалық «Жаңаөзен» газеті, 1994 жылы алғашқы «Ал-Баз» телеарнасы ашылып халықтың жүрегіне жол тартты.



Иә, бұл телеарнаны ашуды марқұм Али Жақсылықов пен қазіргі ардагер журналист Базар Ботабаев



Берік, Базар Ботабаевтар

қолға алған болатын. Теларна ашылған күннен бастап-ақ, қала тұрғындарының хабарландыруларын, құттықтауларын беріп, көпшіліктің көңілінен шықты.

Үстіміздегі жылы Базар Ботабаевтың «Жаңаөзен телеарнасы» деген кітабы жарық көрді. Кітапта сол кездегі және қазіргі қызметкерлер, журналистер, телеоператорлар жайлы көптеген мағлұматтар берілген. Кітап көркем суреттермен әсем безендіріліп шыққан.

Мен де сол жылдары телеарнаның өсіп өркендеуіне өз үлесімді қосып едім. Сол кезеңдегі бірге болған жұмыстастарымның, әріптестерімнің суреттерін көріп жастық шағымға қайта оралғандай болдым.



Шынында бұл кітаптың қоғамда алатын орны ерекше дер едім. Өйткені халықтың көз алдында жүрген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері жайлы көпшілік көп біле бермейді. Ал мынау жарық көрген Жаңаөзен телеарнасы кітабында сол жылдардағы және қазіргі БАҚ өкілдері жайлы суреттерімен қоса жақсы мағлұматтар берілген.

Бүгінде қаламыздың «Құрметті Азаматы» Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ардагер журналист Базар Ботабаевқа зор денсаулық пен творчестволық табыстар тілеймін.

Аманжол НАУРЫЗБАЙҰЛЫ, ардагер журналист, зейнеткер.

Көпбалалы отбасыларға төленетін МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ

Көпбалалы отбасыға берілетін мемлекеттік жәрдемақыға төрт және оданда көп бірге тұратын кәмелетке толмаған, оның ішінде 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген шетелдіктерге беріледі.

Аталған жәрдемақы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген болатын. Маңғыстау облысы бойынша 2020 жылы жәрдемақы алушылар саны - 28 мыңға жуық болса, 2025 жылы - 39 мыңға жуық алушыны құрады. Айта кетерлігі, Маңғыстау облысында бала туу көрсеткіші жоғары болғандықтан, жәрдемақы алушылар саны да артып келеді.

Өтініш беруші бірге тұратын балалардың көпбалалы отбасыға

жәрдемақы тағайындау туралы өтініште көрсете отырып, балалардың бірлескен тұрғылықты мекен-жайын растайды.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ата-ананың біреуімен балалардың бірге тұруы сот шешімімен расталады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 169 бұйрығымен бекітілген «Бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай - Қағидалар) 8 тармағына сәйкес:

- кәмелетке толмаған балалар

саны, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіби білім бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар саны өзгеруіне байланысты жәрдемақы мөлшері қайта есептеледі.

Егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалары күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса, жәрдемақы алушылар жыл сайын Қағидаларға 29-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасын не цифрлық құжаттар сервисінен білім туралы мәліметтерді (осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамада көрсетілген мәліметтер болған кезде) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға өтініш береді.

Айта кететін жайт, көпбалалы

отбасыға жәрдемақыны тағайындау (қайта есептеу) үшін өтініш берушінің, отбасы мүшелерінің ЖСН бойынша «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің ақпараттық жүйелерінде күндізгі оқу бөлімінде оқу фактісі туралы мәліметтер алу үшін сұрау салулар қалыптастырылады.

Сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда камтылған ақпарат расталған кезде оқу орнының анықтамасын ұсыну талап етілмейді.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеуді тоқтатуға:

- 1) баланың қайтыс болуы;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын баланы ол он сегіз жасқа толғаннан кейін оқудан шығару;
- 3) баланы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беруі;
- 4) өтініш берушінің көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген

анық емес мәліметтерді ұсынуы;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету;

6) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты оның Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы негіз болып табылады.

Жәрдемақы алушылар төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне/тоқтатылуына әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерінің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесін он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Ш.АМАНЧАЕВА,
Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

Проактивті көрсетілетін қызметтер

Проактивті қызмет - көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

Әлеуметтік Кодексте көзделген негіздер бойынша адамда жәрдемақы тағайындау құқығы туындаған кезде, өтініш берушінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген жағдайда проактивті қызмет ұсынылады.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау кезінде өтініш беру талап етілмейді.

Жәрдемақыны тағайындауға құқық пайда болған кезде көрсетілетін қызметті алушыға порталда тіркелген телефон нөміріне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Е-макет» ақпараттық жүйесі (әрі қарай - «Е-макет» ААЖ) арқылы жәрдемақыны тағайындау және тіл таңдау мүмкіндігі туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызметті көрсетуге келісімін алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға порталда тіркелген мобильді телефон нөміріне банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш берген күн жәрдемақы тағайындауға келісім берген күн болып есептеледі.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақыларды тағайындау кезінде Қағидалардың қосымшаларында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу Е-макет ААЖ арқылы жүзеге асырылады.

Алушыға sms-хабарлама жолданған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде одан жауап болмаған кезде проактивті қызметті көрсету процесі аяқталады.

Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісуі бар жауап алған кезде «Е-макет» ААЖ-де жәрдемақы тағайындауға азаматтардың өтінімдерін тіркеудің электрондық журналында өтінімді автоматты түрде тіркеу жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға ұялы байланыс абоненттік құрылғысына жәрдемақы тағайындауға өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган келіп түскен электрондық мәліметтерден тұратын электрондық іс мәкetterдерді қарайды және Қағидаларда көрсетілген мерзімдерде тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы

шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарландыру арқылы жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жіберіледі.

Бүгінгі таңда Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті (әрі қарай - Департамент) проактивті тәсілмен мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындالاتын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы;
- бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы;
- мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
- жерлеуге арналған біржолғы төлем; арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;
- «Халық қаһарманы» атағына ие болған адамдарға және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған адамдарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы;
- инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеу.

2025 жылдың 1 қаңтар мен 31 мамыр аралығында қызметті алушыларға Департамент тарапынан проактивті форматта 8 мыңға жуық мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

Проактивті қызметтің тиімділігі

Проактивті қызмет - тиімді тәсіл.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен цифрландыру халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып, оны алу-ды барынша жеңілдетіп отыр. Соның бірі - проактивті қызмет көрсету форматы. Бұл - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің азаматтың өтінішінсіз, автоматты түрде ұсынылуы. Яғни, көрсетілетін қызметті беруші бас-тамашылық етіп, көрсетілетін қызметті алушы тек SMS-хабарлама арқылы келісім берсе жеткілікті.

Проактивті қызметтің тиімділігі неде?

Проактивті қызмет арқылы өтініш беру талап етілмейді. Мемлекеттік орган қажетті деректерді ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алады, ал азамат тек ұялы телефонына келген хабарламаға жауап беріп, жәрдемақы немесе өзге де қызметтерді рәсімдей алады.

Азаматтың ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген жағдайда ғана проактивті қызмет ұсынылады.

Қандай мемлекеттік қызметтер проактивті түрде көрсетіледі?

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті (әрі қарай - Департамент) келесі мемлекеттік қызметтерді проактивті форматта көрсетеді:

- * Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы.
- * Бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.
- * Көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы.
- * «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана

даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.

- * Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немес әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) төленетін мемлекеттік жәрдемақы.
- * бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы.
- * мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар.
- * Жерлеуге арналған біржолғы төлем.
- * Арнаулы кәсіптік мемлекеттік әрдемақы.
- * «Халық қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған адамдарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы.
- * инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеу.

Нәтиже қандай?

2025 жылдың 1 қаңтары мен 31 мамыры аралығында Департамент 8 мыңға жуық мемлекеттік қызметті проактивті форматта көрсетті. Бұл - азаматтардың цифрлық қызметтерге деген сенімі мен сұранысының артқанын көрсетеді.

Қорытындылай келе:

Проактивті қызмет - бұл тек ыңғайлы әдіс емес, азамат пен мемлекет арасындағы байланысты жеңілдететін тиімді құрал. Қажет мәліметтер автоматты түрде өңделіп, қызметтер тез әрі сапалы көрсетіледі.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

МҰРАГЕРЛЕРІНЕ ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Д.Ж.Оскинбаев лицензия № 0002514 05.05.2009 жылы берілген, 05.01.1949 жылы туылған, 22.02.2025 жылы қайтыс болған азамат **ТҰРГАНБАЕВ ДАУЛБАЙ АЙСАЕВИЧКЕ** мұрагерлік іс ашылудына байланысты осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Рахат селосы, «Рахат» ш/а, Н.Тлендиева көшесі, 30Б құрылыс нотариус ғимараты, 1, 2 кенсеге хабарласуын сұрайды. Тел: 8701 530 69 15.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өзенэнергосервис» МКК «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6-тармағының негізінде 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында электр энергиясын беру қызметіне тарифтің орындалысы туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Тыңдау 2025 жылдың 25 шілдесінде сағат 15.00-де «Өзенэнергосервис» МКК-ның әкімшілік ғимаратында өтеді.

«Өзенэнергосервис» МКК әкімшілігі.

Сот актілерін орындау тәртібі және маңызы

Қазақстан Республикасында әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды элементтерінің бірі - сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету. Сот шешімі заңды күшіне енген соң, ол міндетті түрде орындалуға тиіс. Алайда, сот актілерінің уақытылы әрі толық орындалуы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін нақты қорғаудың кепілі болып табылады.

Сот актілері - бұл сот төрелігін жүзеге асыру барысында шығарылатын шешімдер, ұйғарымдар, қаулылар және үкімдер. Бұл құжаттарда сот тараптардың арасындағы дауды шешеді немесе нақты құқықтық қатынастар бойынша қорытынды жасайды.

Сот актілеріне:

- Азаматтық істер бойынша (мысалы, қарызды өндіріп алу, мүлікті бөлу),
- Әкімшілік істер бойынша (мысалы, әкімшілік айыппұл салу),
- Қылмыстық істер бойынша (мысалы, үкім шығару) болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында сот актілерін орындау қызметі Әділет министрлігіне қарасты сот актілерін орындау жөніндегі жеке және мемлекеттік сот орындаушыларымен жүзеге асырылады. Бұл органдар келесі қызметтерді атқарады:

- Сот шешімдерін орындау үшін орындау өндірісін қозғайды;
- Қарыздардан мүлік, қаражат өндіріп алады;
- Жалақы, алимент, айыппұл сынды міндеттемелердің орындалуын қадағалайды;
- Қажет болған жағдайда борышкердің мүлкіне тыйым салады.

Сот актісін орындау бірнеше кезеңдерден тұрады:

1) Өндіріп алушының өтініші негізінде орындау өндірісін қозғау, бұл дегеніміз сот шешімі күшіне енген соң, мүдделі тарап сот орындаушыға жүгініп, орындау парағын ұсынылуы.

2) Орындау өндірісін қозғау туралы қаулы шығару, бұл дегеніміз сот орындаушы өндірісті қозғау туралы қаулы шығарып, борышкерге хабарлама жіберілуі.

3) Борышкерге ерікті түрде орындауға

мерзім беру, бұл дегеніміз борышкерге шешімді ерікті түрде орындауға 5 күндік мерзім берілуі.

4) Мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану, бұл дегеніміз егер борышкер ерікті түрде орындамаса, сот орындаушы: мүлікті тәркілей алады; банктік шоттарды бұғаттай алады; жалақы мен кірістерден ұстау жасай алады; шетелге шығуға тыйым салуы мүмкін.

Сот актілерін орындау барысында келесі қиындықтар кездеседі:

- Борышкерлердің мүлкінің болмауы немесе оны жасыруы;
- Орындау парақтарының кеш тапсырылуы;
- Сот орындаушылардың жұмыс жүктемесінің көптігі;
- Жеке сот орындаушылардың кейбір жағдайда заң талаптарын толық орындамауы.

Сот актісін орындамағаны үшін заңда бірнеше санкция қарастырылған:

- Әкімшілік жауапкершілік (айыппұл);
- Қылмыстық жауапкершілік (ҚР ҚК 430-бабы: «Сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау»);
- Шектеу шаралары (мүлікке тыйым салу, шетелге шығуға тыйым және т.б.).

Орындау тиімділігін арттыру жолдары:

- Электрондық орындау өндірісі жүйесін жетілдіру;
- Сот орындаушылардың біліктілігін арттыру;
- Халық арасында құқықтық сауаттылықты көтеру;
- Сот актілерін орындамағаны үшін жазаны күшейту.

Қорытындылай келе, сот актілерін орындау - заң үстемдігін қамтамасыз етудегі маңызды саты. Егер сот шешімдері орындалмаса, құқықтық мемлекеттің мәні жойылады. Сондықтан мемлекет пен қоғам сот шешімдерін орындау механизмін күшейтіп, әділеттілікті нақты қамтамасыз етуі тиіс.

А.ҚОСМАҒАНБЕТОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстау Пауэр Б.В.»төмендегіжобалар бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізу күнін 1 тамыздан 7 тамызға ауыстырғаны туралы хабарлайды: 1) «Маңғыстаудағы Гибридті электр станциясы. 120 МВт газ поршенді электр станциясының құрылысы. 4А-кезегі. ГПҚ паркі» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп; 2) «Маңғыстаудағы Гибридті электр станциясы. 120 МВт Газ поршенді электр станциясының құрылысы. 4В-кезегі. ГПЭС қуатын беру объектілері» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

Тыңдаулар 2025 жылғы 7 тамызда сағат 11700-де өтеді.

Өткізілетін орны: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., Жалын ш.а., «Мұнайшы» мәдениет үйі.

Бейнеконференцияға сілтеме:
<https://us02web.zoom.us/j/6225879592?pwd=Ty9ZOEZVWHg2YUVweE9oTERHZ3FCQT09&omn=83041183339>

Конференция сәйкестендіргіші: 622 587 9592 Қосылу коды :7WDQтF

Көзделген қызметтің бастамашысы: «Маңғыстау Пауэр Б.В.» филиалы, БСН: 240741018666, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., 2 өнеркәсіптік аймақ, 76-ғимарат, тел: 8 7172 792800, mpvb@eni.kz

Жобаны әзірлеуші: «Промстройпроект» ЖШС, Қостанай қ., Қайырбеков қ., 73, БСН: 041040002273, тел: 87142533301, info@pspr.kz

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 7292 43-10-88.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/сайттында> орналастырылған.

Әсер ету учаскесінің / аумағының координаттары: 43°21'21.9157»N; 52°47'36.9160»E/ 43°21'12,0»N; 52°50'08,0» E.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал «Мангистау Пауэр Б.В.» сообщает о переносе проведения общественных слушаний с 1 августа на 7 августа по следующим проектам: 1) Отчет о возможных воздействиях к проекту «Гибридная Электростанция в Мангистау. Строительство Газопоршневой электростанции 120 МВт. Очередь 4А. Парк ГПУ»; 2) Отчет о возможных воздействиях к проекту «Гибридная Электростанция в Мангистау. Строительство Газопоршневой электростанции 120 МВт. Очередь 4В. Объекты выдачи мощности ГПЭС»

Слушания состоятся: 7 августа 2025 года в 11-00 часов.

Место проведения: Мангистауская область, г.Жанаозен, мкр. Жалын, дом культуры «Мунайшы».

Ссылка на видеоконференцсвязь:
<https://us02web.zoom.us/j/6225879592?pwd=Ty9ZOEZVWHg2YUVweE9oTERHZ3FCQT09&omn=83041183339>

Идентификатор конференции: 622 587 9592 **Код доступа:** 7WDQтF

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал «Мангистау Пауэр Б.В.», БИН: 240741018666, Мангистауская область, г. Жанаозен, Промышленная зона 2, строение № 76 тел: 8 7172 792800, mpvb@eni.kz

Разработчик проекта: ТОО «Промстройпроект» г. Костанай, ул. Каирбекова 73, БИН: 041040002273, тел: 87142533301, info@pspr.kz

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел. 8 7292 43-10-88

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>
Координаты участка/ территории воздействия 43°21'21.9157»N; 52°47'36.9160»E/43°21'12,0»N; 52°50'08,0» E

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қоғамның алтын тірегі аналарға құрмет

Қазақ халқы үшін отбасы мен ананың орны әрқашан ерекше. Әсіресе, ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан көпбалалы аналар – қоғамның алтын тірегі. Осындай ардақты аналарға мемлекет тарапынан көрсетілетін құрмет жындан-жылға артып келеді. Жақында, Жаңаөзен қаласы және оған қарасты елді мекендерде көпбалалы аналар «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталды.



Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 мамырдағы №894 Жарлығы негізінде Жаңаөзен қаласы және оған қарасты ауылдарды қоса алғанда 53 көпбалалы ана мемлекеттік наградалармен марапатталды. Оның ішінде 19 анаға «Алтын алқа», 34 анаға «Күміс алқа» табысталды. Жаңаөзен қаласының өзінде 22 ана (7 «Алтын алқа», 15 «Күміс алқа») марапатқа ие болды. «Алтын алқа» награда-сы жеті және одан да көп бала дүниеге әкеліп, тәрбиелеген аналарға беріледі. Ал «Күміс алқа» алты баланы өмірге әкеліп, өсірген

аналарға табысталады. Бұл марапаттар - ана еңбегіне деген зор құрметтің белгісі.

Қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағанбетов аналарды құттықтап, олардың отбасы мен қоғамдағы орны айрықша екенін атап өтті. Олардың ел дамуына қосып отырған үлесі мен аналық еңбектеріне алғыс білдірді. Марапат иелері мемлекет тарапынан көрсетілген құрмет үшін ризашылықтарын білдіріп, балаларды тәрбиелеу - ең абыройлы міндет екенін жеткізді.

Еркеназ ШАМИНА.

Тырысқақ туралы не білуіміз керек?

Тырысқақ - тырысқақ вибриондары тудыратын аса қауіпті инфекциялар тобына жататын жедел жұқпалы ауру.

Тырысқақ сыртқы орта арқылы адамнан адамға беріледі. Жұқпаның берілу механизмі бойынша тырысқақ ішек инфекциясы болып табылады.

Инфекция қоздырғышының жалғыз көзі - инфекциялық процестің клиникалық формасы мен ағымына қарамастан науқас адам, сондай-ақ вибрион бөлушілер, яғни жұқтырушылар болғанымен тырысқақпен ауырмайтын адамдар.

Жұқтыру механизмі - фекальді-оральді, тырысқақ қоздырғыштарының жетекші берілу жолы - су, сирек жағдайда тұрмыстық-байланыс, тағам.

Тырысқақтың жасырын кезеңі (науқас жұқтырған сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 1-ден 5 күнге дейін, көбінесе 2-3 күнге созылады.

Тырысқақ вибрионы адам ағзасына зақымдалған тамақ пен суды тұтынған кезде ауыз арқылы енеді. Сондай-ақ, адам тырысқақты науқасқа күтім жасаған кезде қолданған тұрмыстық заттар арқылы жұқтыруы мүмкін. Шыбыннар да қоздырғыштың таралуына ықпал етеді. Ластанған су айдындарында шомылған кезде суды жұтып қойған жағдайда жұғуы мүмкін.

Тырысқақ ауруы интоксикациямен, ағзаның сусыздануымен және нәжісте микробтардың бөлінуімен бірге жүретін жедел энтериттің дамуымен сипатталады. Нәжіс «күріш суы» сияқты: мөлдір, бұлыңғыр-ақ түсті, кейде қалқымалы сұр үлпектер жүреді, иіссіз немесе тұщы судың иісі болады.

Бұл инфекция бірнеше сағат ішінде ауыр сусыздандыруға және өлімге әкелуі мүмкін.

Тырысқақ диагнозы ең алдымен клиникалық көрінісі негізінде эпидемиологиялық жағдай және бактериологиялық расталу мәліметтерін ескере отырып қойылады.

Тырысқаққа күдік тудыруға негіз болатын келесі белгілер: қызба (температура

- 37оС және одан жоғары), жүрек айну, іш өту, құсу, бас ауруы, сонымен бірге тырысқақтан қолайсыз елдерден әкелінуін ескеру қажет.

Басқа жіті ішек жұқпаларынан тырысқақ клиникалық ағымының ауырлығымен, жоғары өлім-жітімімен және салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ауқымды аумақтарға таралып, халықтың көпшілігіне жұқтыру қабілетімен ерекшеленеді. Осы ерекшеліктері үшін тырысқақ аса қауіпті жұқпалар тобына жатады. Тырыс-қақты алдын алу инфекцияның елге әкелінуін болдырмау шараларына негізделген. Сондықтан тырысқақ Қазақстан Республикасының ау-мағында санитария-лық қорғау шараларын жүзеге асыруды қажет ететін аурулар тізіміне енгізілген.

Тырысқақтың алдын алу шаралары келесідей:

- жеке гигиена шараларын сақтаңыз: тамақ ішер алдында және әжетханаға барғаннан кейін қолыңызды мұқият жуыңыз;
- қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішіңіз;
- ұйымдастырылған демалысқа рұқсат етілген су айдындарында шомылыңыз, ауызға су кіруіне жол берменіз;
- теңіз өнімдерін шикілей пайдаланбаңыз;
- азық-түлік, жеміс-жидек пен көкөністі рұқсат етілген сауда орындарынан сатып алыңыз;
- жемістер мен көкөністерді қайнатылған немесе бөтелкедегі сумен мұқият жуыңыз.

Тырысқақ ауруының белгілері пайда болған жағдайда (жүрек айну, құсу, сұйық нәжіс, бас ауруы, бас айналуы) дереу дәрігерге жүгіну қажет. Медициналық көмекке ерте жүгіну тырысқақты тиімді емдеуді дер кезінде жүргізуге және қолайсыз нәтиженің алдын алуға мүмкіндік береді.

Тырысқақтың алдын алудың негізгі шараларын сақтау арқылы, Сіз осы қауіпті жұқпалы ауруды жұқтырудан сақтана алатыныңызды ұмытпаңыз.

Сымбат ӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Жаңаөзен қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.

МӘДЕНИЕТ

